



Бекітемін:
«Ақпир» балабақшасының меңгерушісі
А.Б. Аралова

2025-2026 оқу жылының әдістемелік кеңес кестесі

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа 2025-2026 оқу жылына дайындық» 1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру: перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг электронды портфолио жинақтау. 2. Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы. 3. Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары. 4. Ағымдағы мәселелер.	қыркүйек	Әдіскер
2	«Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу» 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобалар таныстыруы. 3. «Адал азамат» біртұтас тәрбиені оқу тәрбие үдерісінде тиімді ұйымдастыру жолдары	қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер
3	«Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы» 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Пед.ұжым жұмысын талдау. 3. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау. 5. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту.	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер

**«Alinur» балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 05.09.2025 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық трансформация: жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындық»

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа 2025–2026 оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарын цифрлық форматта толтыру (перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг, электронды портфолио жинақтау).
2. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке (ҰІӨ) қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Мектепке дейінгі ұйымда жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары.
4. Ағымдағы мәселелер.
- 5.

I. Тыңдалды: Меңгеруші А.Б.Аралова педагогикалық ұжымды жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтап, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың басым бағыттарына тоқталды. Ол қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның маңыздылығын атап өтіп, педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру, білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану және оқу құжаттарын электронды форматта сапалы жүргізу қажеттігін айтты. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау бойынша жүргізілген жұмыстар туралы хабарлама жасады. Ол 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларды, циклограммаларды, балалардың даму мониторингін және жеке даму карталарын жаңа талаптарға сәйкес цифрлық форматта әзірлеудің ерекшеліктеріне тоқталды. Электронды портфолионы талапқа сай рәсімдеу, құжаттарды Word және PDF форматында сақтау, электронды деректер қорын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

II. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова «Өзара ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы өзара ҰІӨ қатысу педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің тиімді құралы екенін атап өтті. Өзара бақылау барысында педагогтер заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеріп, ҰІӨ ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіби кері байланыс береді. Әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттен кейін жүргізілетін талдау педагогтердің шығармашылық ізденісін арттырып, оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Сонымен қатар оқу жылы барысында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары, коучингтер, тәжірибе алмасу алаңдары және әдістемелік семинарлар жүйелі түрде ұйымдастырылатыны айтылды.

III. Тыңдалды:

Әдіскер А.С.Балжанова «Мектепке дейінгі мекемеде жасанды интеллект технологияларын қолдану жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында жасанды интеллекттің (AI) мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері кеңінен түсіндірілді. Тәрбиешілерге ChatGPT және басқа да цифрлық сервистерді оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар беріліп, олардың кәсіби қызметіндегі артықшылықтары көрсетілді.

IV. Тыңдалды: Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскер А.С.Балжанова педагогикалық құжаттарды белгіленген мерзімде толық рәсімдеу, жаңа оқу жылының күнтізбелік жоспарларын бекіту, әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарын орындау, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына қатысу және жаңа оқу жылындағы әдістемелік іс-шаралардың кестесімен таныстырды. Мемлекеттік аттестаттау талаптарына сәйкес педагогтердің құжаттарының сапасына ерекше көңіл бөлініп, барлық құжаттарды цифрлық форматта уақытылы тапсыру тапсырылды.

Қабылданған шешім:

1. 2025–2026 оқу жылында педагогикалық үдерісті мемлекеттік нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
2. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, мониторингтері және жеке даму карталары цифрлық форматта талапқа сай рәсімделіп, белгіленген мерзімде тапсырылсын.
3. Әрбір педагогтің электронды портфолиосы жүйелі түрде толықтырылып, кәсіби жетістіктері электронды форматта жинақталсын.
4. Өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу кестесі бекітіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



**«Alinur» балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №2**

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: «Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу»

Күн тәртібінде:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің шығармашылық тақырыптары бойынша цифрлық жобаларын таныстыру.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді ұйымдастыру жолдары.

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Баяндама барысында педагогтердің оқу құжаттарын цифрлық форматта жүргізу жұмыстарының талапқа сай ұйымдастырылғаны айтылды. Перспективалық жоспарлар, циклограммалар, балалардың даму мониторингтері және жеке даму карталары уақытылы рәсімделіп, электронды форматта жинақталғаны атап өтілді. Педагогтердің электронды портфолиолары толықтырылып, цифрлық құжаттарды сақтау және жүйелеу жұмыстары жолға қойылғаны туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында өткізілген кеңестер мен тәжірибелік оқыту жұмыстарының нәтижелері сараланып, әдістемелік кеңестің алдыңғы шешімдері толық көлемде орындалғаны айтылды.

II. Тыңдалды: Тәрбиешілер өздерінің шығармашылық тақырыптары бойынша әзірлеген цифрлық жобаларын таныстырды. Жобалар барысында интерактивті презентациялар, электронды дидактикалық ойындар, QR-код арқылы орындалатын тапсырмалар, бейнесабақтар, мультимедиялық материалдар, LearningApps, Wordwall, Canva, Quizizz және басқа да цифрлық платформалар негізінде әзірленген жұмыстар ұсынылды.

Тәрбиешілер өз тәжірибелерінде цифрлық ресурстарды қолданудың балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, сөйлеу, зерттеу, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға оң ықпал ететіндігін көрсетті. Әдістемелік кеңес мүшелері ұсынылған жобаларды талқылап, тәжірибеге енгізуге болатын тиімді әдістерді атап өтті.

III. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді ұйымдастыру жолдары туралы баяндама жасады. Баяндама барысында біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтары – адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, отансүйгіштік, ізгілік және заң мен тәртіпке құрмет қағидаларын күнделікті оқу-тәрбие процесіне кіріктіру жолдары қарастырылды. Тәрбиешілер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ұлттық ойындарды, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ұлттық мерекелерді, шығармашылық жұмыстарды, жобалық және зерттеу әрекеттерін тиімді пайдалану арқылы балалардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру тәжірибелерімен бөлісті. «Өнегелі 15 минут», «Менің Қазақстаным», «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну» жобаларын ұйымдастырудың ерекшеліктері талқыланып, тәрбиелік жұмыстардың жүйелілігіне назар аударылды.

Қабылданған шешім:

- 1.Өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану барысында балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен жеке деректерінің қорғалуы қамтамасыз етілсін.
- 3.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттары барлық жас топтарының оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізіліп, өткізілетін іс-шараларда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға басымдық берілсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



**«Аlinur» балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған
әдістемелік кеңес отырысының
Хаттамасы №3**

Өткізілген күні: 28.05.2026 ж.

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы:

«Цифрлық педагогика және оқу жылының қорытындысы»

Күн тәртібінде:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Педагогикалық ұжымның 2025–2026 оқу жылындағы жұмысын талдау.
3. Аттестаттаудан өтуге өтініш қабылдау.
4. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау.
5. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.

I. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Жыл бойы педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту, оқу құжаттарын электрондық форматта жүргізу, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану және оқу-тәрбие процесіне инновациялық технологияларды енгізу бағытында жоспарланған жұмыстардың толық орындалғаны айтылды. Педагогтердің электронды портфолиолары толықтырылып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде интерактивті әдістер мен цифрлық ресурстарды пайдалану деңгейі артқаны атап өтілді.

Әдістемелік кеңес мүшелері қабылданған шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп бағалады.

II. Тыңдалды: Бөбекжай меңгерушісі А.Б.Аралова педагогикалық ұжымның 2025–2026 оқу жылындағы қызметіне жан-жақты талдау жасады.

Талдау барысында оқу жылының негізгі нәтижелері қорытындыланды. Тәрбиешілердің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес оқу-тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастырғаны, инновациялық және цифрлық технологияларды оқу қызметіне тиімді енгізгені атап өтілді.

Балалардың білім, білік, дағдыларының даму мониторингіне жүргізілген талдау нәтижесінде тәрбиеленушілердің танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, зерттеушілік және әлеуметтік дағдыларының дамуында оң динамика байқалғаны айтылды.

III. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова педагогтерді аттестаттаудың жаңа тәртібімен таныстырып, 2026–2027 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің

өтініштерін қабылдау жұмыстары туралы ақпарат берді. Тәрбиешілерге аттестаттау рәсімінің кезеңдері, құжаттарды электрондық форматта тапсыру талаптары, электронды портфолионы рәсімдеу ерекшеліктері және бағалау өлшемшарттары түсіндірілді.

IV. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы тәжірибелерін жинақтау бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Оқу жылы барысында өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, коучингтер, шеберлік сыныптар мен семинарлардың нәтижелері талданды.

V. Тыңдалды: Әдіскер А.С.Балжанова жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспарын таныстырды. Жоспарда тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, таза ауадағы ойындар мен қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекеттерді ұйымдастыру, экологиялық тәрбие беру, ұлттық ойындарды насихаттау және жаз мезгіліне арналған сауықтыру шараларын тиімді ұйымдастыру мәселелері қамтылды. Әр жас тобы бойынша жазғы сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары, циклограммасы, қауіпсіздік шаралары, мерекелік және спорттық іс-шаралар жоспары қарастырылып, педагогтердің ұсыныстары тыңдалды. Кеңес мүшелері жоспарды бірауыздан қолдап, бекітуге ұсынды.

Қабылданған шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық ұжымның 2025–2026 оқу жылындағы қызметінің қорытындысы оң бағаланып, оқу жылының негізгі көрсеткіштері орындалды деп есептелсін.
3. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің өтініштері қабылданып, құжаттарды белгіленген мерзімде электрондық форматта рәсімдеу қамтамасыз етілсін.
4. 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітіліп, барлық жас топтарында жоспарға сәйкес іс-шаралардың сапалы ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.
5. Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық талаптар қатаң сақталсын.

Төрайымы

Хатшы



А.Б.Аралова

А.С.Балжанова